

## ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

Бақытжан Ұ.Б.

[ulzhan555@bk.ru](mailto:ulzhan555@bk.ru)

Психология мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Егерде талдау жүргізсек, құндылық бағдар дегеніміз-индивидтің өмірлік тәжірибесімен анықталған, тұлғаның ішкі элементінің құрылымы, адамның өзінің өмірінде маңызды және маңызды емес нәрселерді ажырата алуы.

Ал ғылыми әдебиеттерде «құндылық бағдар» ұғымына әртүрлі анақтамалар беріледі. Ғалымдардың бір тобы құндылық бағдарды адамның жалпы әлеуметтік бағыттылығы деп қарастырса, екінші бір тобы – құндылық бағдарды жеке тұлғаның әлеуметтік құндылықтарға деген субъективті қатынасы деп, ал үшінші тобы «құндылық бағдар» ұғымына психологиялық тұрғыдан түсініктемелер береді. Кейбір зерттеушілер «құндылық» түсінігін белгілі бір сапалы қасиеттердің жеке бөлініп шығуымен түсіндіреді. [1]

Қазіргі кезде әр түрлі құндылық бағдарларды көрсетуге болады - бұл өмір, қарым-қатынас, жұмыс, сонымен қатар инициативтілік, тәуелсіздік, беделділік.

Ал құрылым бойынша құндылық мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани болып бөлінеді. Әр түрлі құндылықтың әр түрлі мағынасы бар және ол иеррархия құндылығымен байланысты. Адамда өмірі барысында құндылық трансформациясы болып тұрады. Бұл көбіне декларацияланатын құндылықтарға байланысты, себебі адам кез-келген уақытта одан бас тартуы мүмкін. Құндылық жүйесі, құндылық бағдар, құндылық иеррархиясы тұлғаның өмірге қарым-қатынасын, мотивацияның әр түрлі іс әрекетке қатынасын анықтайды және бұл мәселе әлеуметтануда, педагогикада және психологиядағы басты мәселе болып табылады.

Жастар - кез-келген қоғамның маңызды стратегиялық ресурстарының бірі, ол экономиканың, мәдениеттің, саясаттың және басқа да салалардың дамуында маңызды рөл атқарады. Қазіргі жастардың функционалды рөлі әлеуметтік жүйенің өмірін үнемі жаңартып отыру болып табылады, өйткені оның қалыптасу процесінде ол құндылықтар мен нормаларды белсенді сіңіреді, әлеуметтік ынталандыруға, өзгерістерге тез жауап береді және көбінесе қоғамның дамуына серпін береді.

Жастар-кез-келген қоғамның маңызды стратегиялық ресурстарының бірі, ол экономиканың, мәдениеттің, саясаттың және басқа да салалардың дамуында маңызды рөл атқарады. Қазіргі жастардың функционалды рөлі әлеуметтік жүйенің өмірін үнемі жаңартып отыру болып табылады, өйткені оның қалыптасу процесінде ол құндылықтар мен нормаларды белсенді сіңіреді, әлеуметтік ынталандыруға, өзгерістерге тез жауап береді және көбінесе қоғамның дамуына серпін береді. [3]

Әлемдік әлеуметтануда жастардың құндылық бағдарын М.Вебер, П.Сорокин, Э.Дюркгейм, Р.Мертон, Т.Парсонс қарастырған.

20 ғасырда жастардың санасын, мінез-құлқының және әлеуметтенуінің ерекшеліктерін түсіндіретін бірнеше ғылыми мектептер бола бастаған. Э.Эриксон, Т.Парсонс, М.Мид,

Г.М.Андреева және басқа ғалымдар қоғамның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін негізгі нормалар мен құндылықтарды аға буыннан өскелең ұрпаққа беру қаншалықты маңызды екенін зерттеген.[4]

Сонымен, XX ғасырдың 50-ші және 60-шы жылдарының басында жастар бақыттың құрамдас бөліктері туралы сұраққа жауап бере отырып, бірінші кезекте өздерінің сүйікті жұмыстарын, сүйе білу пен сүйікті болу, қоршаған ортаны құрметтеу тілектерін алға тартты. 80-жылдары құндылық бағдардың ең негізгі жүйесіндегі бағыттардың бірі ретінде «саяси мәдениет жеке тұлғаның жаңа түрін қалыптастырудағы маңызды құндылық ретінде», «қоғамдық-саяси қызмет, кеңестік адамдардың маңызды құндылықтарының бірі ретінде», «өнер тұлғаны құндылықтық бағдарлау құралы ретінде», «Еңбек - социалистік өмір салтының ең жоғары құндылығы».

«Кеңес жастары» тұрғысынан өмірлік құндылықтардың ең маңызды алғашқылардың бірі: қоғамға пайдалы болуға, қызықты шығармашылықпен жұмыспен айналысуе, адамдардың құрметіне ие болуға, сүйікті болу және сүйе білу, содан кейін - материалдық әлауқат, тыныш өмір аз бағаланған. Демек, бүкіл құндылық бағдар жүйесінің орталығы әлеуметтік пайдалы жұмыс жасау болған.

Әлеуметтенудің қазіргі кезеңі айтарлықтай өзгеріске ұшырауда, қоғамда және құндылық жүйесінде болып жатқан өзгерістер арасында тікелей байланыс бар. [7]

Жастардың құндылықтық бағдары екі негізгі аспектінің әсерінен қалыптасады. Олардың біріншісі - адамгершілік көзқараста, гуманизмде, адамгершілікте көрінетін рухани мазмұны. Жастардың құндылық бағдарларына әсер ететін екінші аспект, соңғы онжылдықтарда өзекті болды - индивидуализм, материалдық құндылықтардың рухани құндылықтардан жиі басым болуы. Қазіргі жастар өмірінде басты құндылықтар: табыс, мансап, отбасы, достық қарым-қатынас, пайдалы қарым-қатынас құру, өзінің шығармашылығымен немесе хоббиімен айналысу мүмкіндігі.

В.Е.Семенов өзінің зерттеулерінің негізінде қазіргі жастардың негізгі өмірлік құндылықтарын анықтайды: отбасы, достары мен денсаулығы, қызықты жұмыс, ақша және әділеттілік (соңғы құндылықтың маңыздылығы қазіргі уақытта артып келеді). Жетінші негізгі құндылық діни сенім боп табылады.[5]

Басқаша айтқанда, қазіргі жастардың құндылық бағдары - бұл отбасын құру, денсаулық сақтау, адами капиталды қалыптастыру және дамыту. Неғұрлым жалпыланған түрде адам капиталы - бұл болашақта адамға инвестициялар арқылы жоғары табыс алуға мүмкіндік беретін білімнің, дағдылардың, денсаулықтың және т.б. жиынтығы.

К.В.Лосун өзінің «Қазіргі жастардың құндылық бағдары» атты мақаласында Ресей жастарына сауалнама жүргізіп, олардың құндылық бағдарын анықтаған. Алынған нәтиже бойынша қазіргі Ресей жастары көбінесе құндылық бағдарларын белгілі бір қол жеткісі келетін және иеленгісі келетін мақсат ретінде қабылдаған. Бұл отбасы, жұмыс немесе шығармашылықтағы жетістік. Сонымен қатар олар материалдық құндылықтардан гөрі сенім, шығармашылық сияқты рухани құндылықтар маңызды болған. Жетістікке келетін болсақ, қазіргі жастар оған жеке тұлғалық қасиеттері мен шығармашылық әлеуеті жетеді деп санайды. [6]

Ал Жанай Омаровтың «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан «Қазақстандық жастардың құндылық бағдары» атты мақаласында әлеуметтік сауалнама жүргізген, сауалнамаға 18-29 жас аралығындағы 1000 респондент таңдалған. Зерттеу қорытындысы бойынша қазақстандық жастар үшін ең маңызды құндылық «Отбасы, бала, үй», «Оқу және тәрбие», «Білім және жұмыс». Бұл ұстанымдар, бір жағынан, қазақстандық жастар үшін дәстүрлі болып қала береді. Бірақ екінші жағынан, бүгінгі күні оларды қоғамның постсоциалистік капиталдандыру жағдайында әлеуметтік сананың өсіп келе жатқан даралануы нәтижесінде де қарастыруға болады[2].

Жастардың құндылық бағдары оның жалпы экономикалық және мәдени деңгейінің перспективалық дамуымен тікелей байланысты белгілі бір қоғамның нақты құндылықтарын

көрсетеді. Сондықтан қазіргі жастардың құндылық жүйесіне көп көңіл бөлінеді, өйткені ол - біздің қоғамның болашағы.

Қорытындылай келе, Қазақстандық жастар мен Ресей жастарының құндылық бағдарында айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін байқадық. Олар үшін ең маңызды құндылық жақсы жұмыс, отбасы, бала, тәрбие, білім екенін көрдік. Ал XX ғасырдың 80-ші ғасырларда саяси мәдениет пен қоғамдық қызмет, қоғамға пайдалы болу маңызды құндылық бағдар болып саналған.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Саморегуляция и прогнозирование социального поведения личности/ под. ред. Ядова В.А. Л., 1979.
2. <https://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/tsennostnie-orientatsii-kazahstanskoi-molodezhi>
3. Кушхова К.А., Шогенова Ф.З. Ценностные ориентации современной молодежи: особенности и тенденции // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1-1.;
4. Зубок Ю.А. Феномен риска в социологии. Опыт исследование молодежи. М.:Мысль. 2007. 288с.
5. Семенов В. Е. Ценностные ориентации современной молодежи // Социологические исследования . – 2007. – № 4. – С. 37
6. <http://human.snauka.ru/2015/01/9327>
7. <http://psyznaiyka.net/socio-lichnost.html?id=21>